ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша Сот сараптамалары институты

Филиал РГКП «ЦЕНТР СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ» МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Институт судебных экспертиз по городу Шымкент

Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 65 үй
тел. 8 (7252) 53 01 87, ф. 8 (7252) 55 07 15

город Шымкент, улица Туркестанская, дом 65
тел. 8 (7252) 53 01 87, ф. 8 (7252) 55 07 15

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ИНСТИТУТЫ
Шығыс № 20-10-28-16/518
24 01 24 ж.

Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті РММ Департамент басшысы Р.Ракишевке
(тергеуші О.Мүсілім үшін)
160002, Шымкент қаласы,
Абай даңғылы, 2,
тел: 7(7252) 77-14-48, 8-775-282-88-91

Осымен бірге Сізге, №207900121000185 санды қылмыстық іс бойынша, Шымкент қаласы Тұран мөлтек ауданы 9 қабатты (1тұрғын үй), Астана даңғылы құрылысының жалғасы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4, №5 көше) құрылысы нысандары бойынша сараптшылардың №4975 комиссиялық сот құрылыс-экономикалық сараптамасы қорытындысын жолдаймын.

Аса күрделі сот құрылыс-экономикалық сараптамасының жалпы құны 75 114,60 (жетпіс бес мың жүз он төрт теңге 60 тиын), оның ішінде: еңбектің төленуі, негізгі және техникалық қызметкерлер салықтары, төленуге жатпайтын ілестеме шығындар 75 114,60 теңге; сараптама өндірісіне жұмсалған және төлену сомасы 0,00 теңге.

Төлем реквизиттері: Шымкент қаласы, ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті ММ «Әл-Фараби ауданы бойынша Кіріс Басқармасы», БИК-KKMFKZ2A; ИИК KZ24070105KSN0000000, БИН 090440002968; КБК 206108 (Бюджетке төленетін басқа салықтық емес төлемдер). КНП 911.

Төлем мақсаты: №4975 сараптамасының шығындарын өтеу.

Қосымшалар: сараптама қорытындысы– 8 парақта;
Өткізілген сот-сарпашылық зерттеудің құны – 1 парақта
Фотокесте - 8 парақта;
Құжаттар – қорытындыдағы тізім бойынша.

Директор **Д. Рабилов**

Орынд.:
Е.Құдайбергенов
Х.Рахматуллаев
87252-530187

Өткізілген сот-сарапшылық зерттеудің құны

Тапсырыс беруші: Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті

(сараптаманы тағайындаған органның атауы)

Орындаушы: Шымкент қаласы бойынша ССИ, Шымкент қаласы, Түркістан көшесі 65 үй

(сараптаманы жүргізген ұйымның атауы, оның заңды мекен-жайы)

Сараптама түрі	Сараптама нөмірі	Сараптаманың аяқталу күні	Өткізілген сараптаманың құны (теңге)
11.1 Сот құрылыс-экономикалық сараптамасы	4975	21.01.2021ж.	Сараптаманың жалпы құны – 75 114,60 теңге, оның ішінде: еңбектің төленуі, негізгі және техникалық қызметкерлер салықтары, төленуге жатпайтын ілестеме шығындар 75 114,60 теңге; сараптама өндірісіне жұмсалған және төлену сомасы 0,00 теңге.

Өтелетін сомма: 75 114,60 (жетпіс бес мың жүз он төрт теңге алпыс тиын)

(сөзбен)

Сарапшы: _____ Е.Құдайбергенов

(қолтаңба) *(АЖТ)*

«Келісілді»

Директор:

_____Д.Рабилов

(қолтаңба) *(АЖТ)* « ___ » _____ 2021ж

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
СОТ САРАПТАМАЛАРЫ
ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК филиалы
Шымкент қаласы бойынша
Сот сараптамалары институты

Филиал РГКП «ЦЕНТР
СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ»
МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Институт судебных экспертиз
по городу Шымкент

Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 65 үй,
т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15

город Шымкент, улица Туркестанская, дом 65
т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15

Сарапшылардың №4975 комиссиялық корытындысы

21.01.2021 ж. Шымкент қаласы.

2020 жылдың 08 желтоқсанында ҚР ӘМ «Сот сараптамалары орталығы» РМҚК филиалының Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институтына, Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің тергеушісі О.Мүслімнің №207900121000185 қылмыстық іс бойынша, «Корпорация Сити строй» ЖШС-мен салынған, «Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үйдің және Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін) және Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)» жобалары бойынша сот құрылыс-экономикалық сараптамасын тағайындау туралы қаулысы - 2 парақта, 2020 жылы 25 қарашадағы шығыс №ЭТД-Ш-14-05-05/10008 ілестірме хатымен құжаттар келіп түсті.

Қаулы мен құжаттарды Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің жедел уәкілі Қ.Рысбеков сараптамаға ұсынды.

Сараптама мәртебесі жеке дара болып табылады.

Сарапшының анықтап шешуіне мына төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Аталған құрылыс нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы қанша және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді ме?

2. Осы нысан бойынша Ф-2, Ф-3 актілерінде көрсетілген жұмыс көлемі және сомасы нақты атқарылған жұмыс көлемі мен сомасына сәйкес келе ме?

3. Құрылыс нысаны бойынша мемлекеттік сараптамамен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада қаралған жұмыс түрлерінен басқа қосымша жұмыстар атқарылған ба? Атқарылған болса, көлемі мен сомасы қанша?

4. Құрылыс нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып-алу (добавить-исключить) жұмыстары болған ба? Болған жағдайда сомасы қандай?

Ескерту:

1. Сараптама жүргізудің мерзімі зерттеу объектісін қарап тексеруге және қосымша құжаттар жеткізуге байланысты 2020 жылдың 09-24 желтоқсан аралығында тоқтатылды.

Сараптаманы жүргізу ҚР ӘМ «Сот сараптамалары орталығы» РМҚК филиалының Шымкент қаласы бойынша Сот сараптамалары институтының сарапшыларынан құрылған комиссия: аға сарапшы, жоғары техникалық

білікті Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу, Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу мамандықтары бойынша сарапшылық біліктілігі, 2016 жылдан бері сарапшылық өтілі бар Рахматуллаев Хамидулла Габдуллаулына және аға сарапшы, жоғары техникалық білімді, Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу, Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу мамандықтары бойынша сарапшылық біліктілігі және 2018 жылдан бері сарапшылық өтілі бар Құдайбергенов Ерман Амантаевичке тапсырылды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 420 бабы бойынша сарапшылардың көрінену жалған қорытынды беруі туралы қылмыстық жауапкершіліктері ескертілді:

Сарапшының зерттеуіне ұсынылған құжаттар:

1. Жұмыстарды Мемлекеттік сатып алу туралы №320 шарты 2017-11-24-12 парақта;
2. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) жұмыс жобасы бойынша «Мемсарпатама» қорытындысы -42 парақта;
3. Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үй. Жұмыс жобасы. Альбом 0. А, Б, В, Г блоктары. Бас жоспар – 1 бумада.
4. Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үй. Жұмыс жобасы. Альбомдар жиынтығы – 24 бумада.
5. Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үй. Жұмыс жобасы. Сметалық құжаттамалар жиынтығы – 4 бумада.
6. Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үй. Орындалған жұмыстарды қабылдау Ф-2 актілері және Ф-3 анықтамалары - 25 дана.
7. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) бойынша техникалық кеңес хаттамасы, қосымшасы – 16 парақта.
8. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) бойынша алу жұмыстарының сметалық құжаттамасы- 1 бумада.
9. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) қосу жұмыстарының сметалық құжаттамасы – 1 бумада.
10. Шымкент қаласы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)». Сметная документация. Книга 1 – 1 бумада.
11. Шымкент қаласы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)». Паспорт проекта и и пояснительная записка. Том 1. Книга 1 – 1 бумада.

12. Шымкент қаласы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)». Сметная документация. Том 3. Книга 2 – 1 бумада.

13. Приложение к пояснительной записке. Том 1. Книга 3 – 1 бумада.

14. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Том 2. Пояснительная записка. – 1 бумада.

15. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Том 1. Паспорт проекта – 1 бумада.

16. Шымкент қаласы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)». Рабочий проект. Том 1. Жұмыс жобасына енгізілген түзетулер – 1 бумада.

17. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Том 4. Ведомость объемов работ по дорожной части – 1 бумада.

18. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Том 5. Ведомости разбивки трассы – 1 бумада.

19. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Альбом 1. Дорожная часть – 1 бума.

20. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Рабочий проект. Альбом 2. Перенос инженерных сетей – 1 бума.

21. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Сметалық құжаттамаға қосып-алу жұмыстары – 2 бума.

22. Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін). Орындалған жұмыстарды қабылдау Ф-2 актілері және Ф-3 анықтамалары - 22 формалар.

23. Шымкент қаласы, Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)». Орындалған жұмыстарды қабылдау Ф-2 актілері және Ф-3 анықтамалары - 14 формалар.

Зерттеу бөлімі

Сараптама жүргізу кезінде мына төмендегі техникалық құжаттары, құрылыс нормалары мен ережелері және жабдықтар мен құралдар қолданылды:

- «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы. 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ.

- Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасының заңы «Қазақстан Республикасындағы архитектура, қаланы салу және құрылыс жүргізу туралы». Алматы 2003 ж.
- Қазақстандағы қалалар мен ауылдардағы құрылыстарды бағалауға арналған жобалау нормаларының жинағы.
- ҚР ҚНжЕ 8.02-01-2002 «Құрылыстағы сметалық нормативтік құжаттар жүйесі».
- ҚР ҚН 8.02-02-2002 «Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі».
- ҚР ҚНжЕ 1.03-01-2007 «Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуға жобалық-сметалық құжаттамаларды дайындау, келісу, бекіту және құрамы туралы нұсқаулықтар».
- ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттардың және имараттардың құрылыстарын ұйымдастыру».
- ҚР ҚНжЕ 1.02-01-2007 «Құрылысты жобалау құжаттаманы келісу, бекіту және құрамы туралы Нұсқаулық».
- СН РК 1.03-03-2011. «Порядок разработки, согласования, утверждения и состав проектной документации на строительство».
- СН РК 3.01-01-2013 «Градостроительство. Планировка и застройка городских и сельских населенных пунктов».
- СП РК 3.01-101-2013 «Градостроительство. Планировка и застройка городских и сельских населенных пунктов».
- СН РК 3.02-01-2018 «Здания жилые многоквартирные».
- СП РК 3.02-101-2012 «Здания жилые многоквартирные».
- СН РК 2.02-01-2014 «Пожарная безопасность зданий и сооружений».
- СН РК 2.02-02-2012 «Пожарная автоматика зданий и сооружений».
- Технический регламент «Общие требования к пожарной безопасности». №439, от 23.06.2017 года.
- «Правила устройства электроустановок Республики Казахстан», утвержденные Приказом Председателя Комитета по государственному энергетическому надзору Министерства энергетики и минеральных ресурсов Республики Казахстан от 17 июля 2008 года №11-П.1.
- СН РК 2.03-07-2013 «Строительство электросетевых объектов в сейсмических районах».
- СП РК 2.03-30-2017 «Строительство в сейсмических районах».
- СП РК 4.04-107-2013 «Электротехнические устройства».
- СНиП 2.01.19-2004 «Защита строительных конструкций от коррозии».
- СНиП 11-23-81 «Стальные конструкции».
- СН РК 5.03–07–2013 «Несущие и ограждающие конструкции».
- СП РК 2.04-01-2017 «Строительная климатология».
- СП РК 1.01.103-2014 «Строительная терминология».
- СНиП РК 5.04-18-2002 «Металлические конструкции».
- «hx» компьютері.
- 20-метрлік темір ленталық өлшеуіш.
- «Leica Disto classic-5» лазерлік өлшеуіш.

Қаулыда қойылған сұраққа жауап беру мақсатында 2020 жылдың 24 желтоқсан күні Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің тергеушісі М.Мамырбекұлының ұйымдастыруымен болған сараптамалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу кезінде Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің жедел уәкілі Қ.Рысбеков, «Корпорация Сити строй» ЖШС-нің бас инженері А.Таштаевтың қатысуларымен №207900121000185 қылмыстық іс бойынша, Шымкент қаласы, Тұран мөлтек ауданында орналасқан 9-қабатты төрт блокты №1 үйге және Шымкент қаласы, Астан даңғылы құрылысының жалғасы (ӘІО-тан Тауке хан көшесіне дейін) және Тұран м/а инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы (№4, №5 көше)» құрылыс жұмыстарына зерттеулер жүргізілді. Сараптама өндірісі ұсынылған құжаттар көлемінде және шолып қарау, қажетті өлшемдер жасау сандық фотоаппаратқа суреттерге түсірулер (№1 фотокестеге қара) нәтижесінде жүргізілді.

Сараптама зерттеуі қорытындының кіріспе бөлімінде көрсетілген зерттеуге тапсырылған құжаттар ауқымында жүргізілді. Ұсынылған құжаттарды зерделеу және зерттеу нысанын қарау негізінде мыналар анықталды:

1. Зерттеуге тапсырылған 2017 жылғы 24 қарашадағы №320 келісім шарт бойынша тапсырыс беруші «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» ММ-сі мен мердігер «Корпорация Сити-Строй» ЖШС-гі арасында Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) құрылыс жұмыстары жұмыстарын орындауға келісімге келген.

Келісім шарттың жалпы сомасы 1 872 424 204,00 *(бір миллиард сегіз жүз жетпіс екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың екі жүз төрт теңге нөл тиын) теңгені* құрады, бұл сомаға ҚҚС, құрал-жабдықтар және т.б шығындар жатады.

Техникалық қадағалаушы мекеме «Raimbek & company» ЖШС.

Бас жобалаушы «Әсем Жоба Құрылыс» ЖШС.

Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) жұмыс жобасы бойынша «Мемсарпатама» РМК-ның Оңтүстік өңірі бойынша филиалымен 2017 жылдың 29 қыркүйегінде №19-0331/17 оң қорытындысы берілген.

Құрылыс нысанының бас жоспарына сәйкес Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) 4 блокталған тұрғын үйден құралады. Мүмкіндігі шектеулі тұрғындар үшін ғимараттың бірінші қабатына апаратын тұтқалары бар кіріп-шығу пандустары қарастырылған.

Архитектуралық- жоспарлы шешімдер

Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) тұрғын үй ғимараты тоғыз қабатты, әр блоктың техникалық жертөлесі және шатыр кеңістігі бар. Жоспар пішіні дұрыс бұрышты, 1-13 және А-И ось өлшемдері 23,02х17,31м, жалғай салынған дұрыс бұрышты ғимарат жоспар бойынша П13-П17 және ПА-ПГ 23,81х15,80м. Бірінші қабатта коммерциялық және қосалқы бөлмелер

орналасқан. Екінші қабат пен тоғызынша қабаттарда тұрғын пәтерлер орналасқан.

Тұрғын пәтерлер биіктігі -2,9м.

Жалпы пәтер саны 160 пәтер. Оның ішінде: 3 бөлмелі -64, 2 бөлмелі - 64, 1 бөлмелі 32 пәтер.

Тұрғын үй жолаушылар лифтімен және Л1 типтегі баспалдақ торы қарастырылған.

Алтыншы қабат және тоғызыншы қабаттар аралығындағы әр пәтердің балконынан эвакуациялық люктер арқылы сатылармен шығу мүмкіндігі қарастырылған. Шатыр асты кеңістікке баспалдақ торы арқылы шығу қарастырылған.

Сыртқы әрлеуі.

1) Іргетас сыртқы керамогранит тақталармен;
2) 1 қабат (коммерциялық) қабырғалары керамогранит тақталар, тұрғын қабатта- сұйық травертинмен әрлеу;
3) Терезе ойықтары -ПВх профилінен;
4) Витраждар – алюминий профилінен;
5) Есік блоктары -МемСТ 6629-88, 30970-2002, 31173-2003;
6) Шатыр – металл конструкцияларға бекітілген профильді металл жабынды.

Ішкі әрлеу жұмыстары. Тұрғын бөлмелер және дәліздер төбелері және қабырғалары «Алинекс» сылақтарымен әрлеу, , сулы эмульсиямен бояу. Асхана бөлмелері төбелері және қабырғалары «Алинекс» сылақтарымен әрлеу, сулы эмульсиямен бояу және биіктігі 1,8м керамикалық тақталармен қаптау. Санитарлық тораптарды керамикалық тақтамен бар биіктікке қаптау. Едендерге -керамоганит, керамикалық тақта, ламинат төсеу қарастырылған.

Конструктивті шешімдер.

Ғимараттың конструктивті шешімі - байланысты қаңқалар.

Іргетастар — монолитті темірбетон плита.

Жертөле қабатының қабырғасы қалыңдығы 20см монолитті темірбетон.

Сыртқы қабырғалар- қалыңдығы 200мм монолитті темірбетон. Арақабырғалар-қалыңдығы 120 мм газобетон. Диафрагмалар -монолитті темірбетон, қалыңдығы 200мм.

Жабындар және аражабындар (перекрытие и покрытие) – монолитті темірбетон.

Лифт шахталары – қалыңдығы 200 мм монолитті темірбетон.

Желдеткіш шахталары -қалыңдығы 120 мм газобетон блоктарынан.

Баспалдақ торы және алаңы монолитті темірбетонннан жасалған.

Шатыры – шатыр асты кеңістікті, желдетілетін, ішкі суағар жүйесімен.

Бетон суқағар /отмостка/ ені 1500мм бетоннан жасау қарастырылған.

Жылу тарату жүйесі бойынша автоматтандырылған тылу таратупункті, пәтерлердің жылу есептегіш аспаптары, алюминий жылу радиаторлары қарастырылған.

Желдету жүйесі бойынша тұрғын бөлмелерде қарапайым сору-желдету жүйесі, асхана және санитарлық тораптарда желдету шахталары арқылы желдету қарастырылған.

Сумен және ыстық сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған жүйе бойынша жүзеге асырылған.

Канализация жүйесі пластмасс құбырлармен сыртқы канализация жүйесіне қосу жоспарларған.

Сыртқы суағар жұмыстары бойынша шатырдан ағатын жауын-шашын сулары ішкі құбырлар арқылы сыртқа шығарылған.

2. Зерттеуге тапсырылған 2016 жылғы 13 мамырдағы №85 келісім шарт бойынша тапсырыс беруші «Шымкент қаласының құрылыс бөлімі» ММ-сі мен мердігер «Корпорация Сити-Строй» ЖШС-гі арасында Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4-ші көше, №5 көше) жұмыстарын орындауға келісімге келген.

Келісім шарттың жалпы сомасы 1 223 228 211,52 *(бір миллиард екі жүз жиырма үш миллион екі жүз жиырма сегіз мың екі жүз он бір теңге елу екі тиын) теңгені* құрады, бұл сомаға ҚҚС шығындары жатады.

Техникалық қадағалаушы мекеме «Банур 1» ЖШС.

Бас жобалаушы «Асем құрылыс» ЖШС.

Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4-ші көше, №5 көше) жұмыс жобасы бойынша «Мемсарпатама» РМК-ның Оңтүстік өңірі бойынша филиалымен 2016 жылдың 26 қыркүйегінде №19-0350/16 қорытындысы берілген.

Құрылыс жұмыстарының мақсаты – Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданының көше және көлік жүйесін дамыту, көшелердің өткізу мүмдіктерін үлкейту және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұран шағын ауданының №4 және №5көшелері қалалық маңыздағы көшелер. №4 көшенің жалпы ұзындығы -1,480км, №5 көше ұзындығы – 2,278 км. Жол жүру енінің өлшемі – 3,5мх2=7,0м. Жол жүру жолағының саны 4. Жолдарды бөлу жолағының ені 5м. Тротуар ені 3,0м. Жол жабындысы - асфальтбетон.

№5 көшенінің сипаттамасы. Жол жүру енінің өлшемі – 3,5мх2=7,0м. Жол жүру жолағының саны 4. Тротуар ені 3,0м. Велосипед жолының ені 3м. Жол төсеніші -асфальтбетон.

№4 және №5 көшелер құрылысы бойынша жол қиылыстары және жанасулары бір деңгейде орындау қарастырылған. Жо бойында автобус аялдамалары, демалу алаңдары , жол қозғалысын реттеу белгілерін орнату қарастырылған. Аялдамалардың отырғызу алаңдары ұзындығы 20,0м, ені 2,5м және жол жүру жолағынан бөлінген.

3. Зерттеуге тапсырылған 2017 жылғы 25 мамырдағы №158 келісім шарт бойынша тапсырыс беруші «Шымкент қаласының жолаушыла көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі мен мердігер «Корпорация Сити-Строй» ЖШС-гі арасында Шымкент қаласы Астан адаңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) құрылыс жұмыстары жұмыстарын орындауға келісімге келген.

Келісім шарттың жалпы сомасы 864 258 719,52 *(сегіз жүз алпыс төрт миллион екі жүз елу сегіз мың жеті жүз он тоғыз теңге елу екі тиын) теңгені* құрады, бұл сомаға ҚҚС, құрал-жабдықтар және т.б шығындар жатады.

Техникалық қадағалаушы мекеме «Сапалы Құрылыс Инжиниринг» ЖШС.

Бас жобалаушы «Даулет» ЖШС.

|Жұмыс жобасының түсіндірме жазбалары бойынша жол ұзындығы 2,69 км. Жол трассасы ӘІО аумағындағы ПК2+695 белгісінен басталып Тассай шағын ауданының Тәуке хан көшесіне барып қосылады. Жол бойында аялдамалар, жүру бөлігі, тротуарлар, жауын-шашын суларын қабылдау торлары, темірбетон науалар орнату қарастырылған. Жол жүру енінің өлшемі – 3,5мх2=7,0м. Жол жүру жолағының саны 6. Тротуар ені 3,0м. Жол жабындысы -асфальтбетон. Жол шеттеріне жиектастар орнатылған. Жол төсеніштері: 1. Жоғарғы қабаты қиыршық тас-битум қоспасымен жасау. 2. Стеклосетка CCKGS 50/50-25. 3. Жолдың төменгі қабат төсеніші- қалыңдығы 10см ірі қоспалы асфальтбетон төсеніші. 4. Жоғарғы қабаттағы қалыңдығы 12см қара қиыршық тас . 5. Ортаңғы қабаттағы қалыңдығы 15см құм-тас қоспасы. 7. Төселімдегі қалыңдығы 15см құм-тас қоспасы.

Тротуарларға қалыңдығы 5 см бетон тақталар / брусчатка/, құм-цемент қоспасындағы қалыңдығы 5 см төсеніш. Қалыңдығы 12см құм-тас қоспасы.

Автобус аядамасы 10 дана. Жолдан шығы қалтасының ұзындығы 50м, отырғызу алаңы ұзындығы 20м және ені 2,0м.

Инженерлік коммуникацияларды орын ауыстырып жылжыту.

Сыртқы жарықтандыру жоба бойынша қарастырылған КТПН-25/10/0,4кВ – 2 дан арқылы орындау қарастырылған. Жарықтандыру бағандары ыстық цинктелген металл бағандарына СИП үлгісіндегі электр сымдары орнату бойынша орындау жоспарланған.

Зерттеуге тапсырылған сметалық құжаттар, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы Ф2 актілері және орындалған жұмыстардың бағасы туралы Ф3 анықтамалары бойынша аталған құрылыс нысандарында қабылданған жұмыстар сомалары №1 кестеде келтірілді (теңгемен): №1 кесте:

Келісім шарттар	Ф-2	Ф-3
Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй)		
Барлығы	1 872 424 204,00	1 872 424 204,00
Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше)		
Барлығы	1 223 228 211,52	1 223 228 211,52
Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы тәуке хан көшесіне дейін)		
Барлығы	864 258 719,52	864 258 719,52

Бірінші сұрақ бойынша:

Сараптамалық зерттеулер жүргізу барысында Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй),

Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше), Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) жұмыстары бойынша орындалған жұмыстарға шолып қарау, зерттеу жүргізу барысында, мердігер «Корпорация Сити-Строй» ЖШС-нің аталған құрылыс нысандары бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы және атқарылған жұмыстар жоба сметалық құжаттамаларына сәйкестігі зерттелді. Сарапшылық зерттеу барысында зерттеуге тапсырылған орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі Ф2 нысанындағы актілермен сметалық құжаттамаларын салыстыру бойынша, аталған құрылыс нысандарында мына жұмыстар орындалған:

- тұрғын үй құрылысының жалпы құрылыс жұмыстары орындалған;
- сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жоба бойынша қарастырылған көлемде орындалған;
- есік және терезе ойықтары жобаға сәйкес толтырылған;
- едендерге ламинат, керамикалық тақталар, керамогранит тақталары төселген;
- жылу тарату жүйелері бойынша алюминий радиаторлары, сүлгі кептіргіштер, полипропилен құбырлар, жапқыштар монтаждалған, есептеу құралдары қабаттардағы алаңда монтаждалған;
-жертөле қабатында жылу тарату торабында тиісті құрал-жабдықтар монтаждалған және жылу жүйесі жұмыс жағдайында;
- су және кәріз жүйелерінің құбырлары, су шығынын есептегіш аспаптар монтаждалған;
- газ тарату құбырлары жүргізілген, газ плиталар, газ есептегіш аспаптар, газ анализаторлары орнатылған;
- санитарлық торап жабдықтары (унитаз, ванна, қолжуғыштар) орнатылған;
- электрмен жабдықтау жұмыстары бойынша электр қалқандары, жарық шырақтары, ажыратқыштар, розеткалар монтаждалған;
- сыртқы кіру есіктеріне домофондар орнатылған;
-жолаушылар лифттері монтаждалған, жұмыс жағдайында;
- сыртқы электр, кәріз, газ, су және жылу жүйелері жүргізіліп қосылған.

Жол құрылыстары бойынша сметалық құжаттамларда қарастырылған жұмыстар: Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) және Тұран шағын ауданындағы №4 және №5 көшелер құрылыстары бойынша дайындық жұмыстары, яғни жердің өсімдік қабатын қазып алу, жол шеттеріне шығару; жол негіздерін қалыптастыру, топырақ қабаттарын нығыздау, тасымалдау; жол шеттеріндегі тротуар және велосипед жолақтарының негіздерін қалыптастыру, нығыздау, топырақтарды тасымалдау жұмыстары орындалған.

Жол төсеніштері бойынша жол шеттеріне жиектастар орнату, жол негіздеріне қалыңдығы 18см және 15 см құм-тас төсеніштерін салу, нығыздау, битум ерітінділерін бүрку, қара қиыршық тас төсеніштерін салу, битум ерітіндісін бүрку, қалыңдығы 10 см ірі қоспалы асфальтбетон төсеніштерін

салу, қалыңдығы 5см майда қоспалы асфальтбетон төсеніштерін салу жұмыстары орындалған.

Ауыспалы-жылдамдық жолағын салу болынша жиектастар орнату, қалыңдығы 18 см және 15см құм-тас төсеніштерін салу, қара қиыршық тас төсеніштерін салу, битум ерітіндісін бүрку, қалыңдығы 10 см ірі қоспалы асфальтбетон төсеніштерін салу, қалыңдығы 5см майда қоспалы асфальтбетон төсеніштерін салу жұмыстары орындалған.

Жасанды имараттар салу бойынша темірбетон науалар / лоток/ салу, науалар тігістеріне бетон құю, науалардың тротуарлармен қиылысына құрамалы темірбетон плиталар орнату, жолдарға кіріп-шығу қиылыстарына құрамалы темірбетон плиталар орнату, темірбетон науаларға металл торлар орнату және бояу жұмыстары орындалған.

Жол бойынан жығу қиылыстары бойынша жер қазу, топырақтарды жол шеттеріне шығару; жол негіздерін қалыптастыру, топырақ қабаттарын нығыздау, тасымалдау, қалыңдығы 18 см және 15см құм-тас төсеніштерін салу, қара қиыршық тас төсеніштерін салу, битум ерітіндісін бүрку, қалыңдығы 10 см ірі қоспалы асфальтбетон төсеніштерін салу, қалыңдығы 5см майда қоспалы асфальтбетон төсеніштерін салу жұмыстары орындалған.

Сонымен жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша анықталғаны:

Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 872 424 204,00 *(бір миллиард сегіз жүз жетпіс екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың екі жүз төрт теңге нөл тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 223 228 211,52 *(бір миллиард екі жүз жиырма үш миллион екі жүз жиырма сегіз мың екі жүз он бір теңге елу екі тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 864 258 719,52 52 *(сегіз жүз алпыс төрт миллион екі жүз елу сегіз мың жеті жүз он тоғыз тенге елу екі тиын)* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Екінші сұрақ бойынша:

Сараптамалық зерттеулер барысында аталған нысандар бойынша орындалған жұмыстарды зерттеу, шолып қарау, қажетті өлшемдер, фототүсірулер жасау нәтижесінде Ф-2, Ф-3 актілерінде көрсетілген жұмыс көлемі және сомасы нақты атқарылған жұмыс көлемі мен сомасына сәйкестігі зерделенді. Орындалған жұмыстарды қабылдау актілерінде көрсетілген

құрылыс жұмыстарының іс жүзінде орындалғандығы, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес көлемде орындалғандығы нақтыланды.

Зерттелуші нысан құрылыстары кезінде жасырын жұмыс түрлері орындалған, және олардың толық көлемін мен түрлерін ашып көру жұмыстарынсыз толық анықтау мүмкін емес. Сондықтан «Ғимараттар мен имараттардың құрылыс жұмыстарының бағасын анықтау» сот сарапшыларына арналған әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес орындалған жұмыстардың көлемін анықтау кезінде қосымша дәлел ретінде орындалған жұмыстардың актілері, көрінбейтін жұмыстардың актілері, зертхана сынақтары, орындау схемалары, авторлық және техникалық қадағалау жұмыстары қабылданады.

Жоғарыда айтылған негізінде жасырын жұмыстардың түрлері мен көлемдері, атап айтқанда: қазаншұқырлар қазу, іргетастар негіздерін қалыптастыру, іргетастарға және темір бетон конструкцияларға (колонна, ригель, нығайту диафрагмсы, монолитті темірбетон қабырғалар, темірбетон плиталар, арақабырғалар, монолитті жабындар, лифт шахталары, еден астындағы су және жылыту құбырлары, гидравликалық сынақтар, (зертханалық сынақтар) жұмыстарының көлемі, сылақ астындағы электр кабельдерін монтаждау жұмыстарының көлемі зерттеуге тапсырылған жасырын жұмыстарды куәландыру жөніндегі актілеріне және Ф-2 актілеріне сәйкес қабылданады.

Жол құрылыстары бойынша зертханалық сынақтар жүргізіліп, хаттамалар толтырылған. Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша қиыршық тас пен битум қоспасынан (ЩМА-15) жасалған жолдың беткі қабаты, асфальтбетон төсеніштері, қара қиыршық тас үлгілері, құм-тас қоспаларының нығыздалу тығыздығы, қиыршық тас-құм тас қоспасының нығыздығы туралы зертханалық сынақ хаттамлары жасалған. Орнатылған трансфоматор, электр қондырғыларының сынақ хаттамалары жасалған.

Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) жол құрылыстары бойынша зертханалық сынақтар жүргізіліп, хаттамалар толтырылған. Нысан бойынша төселген асфальтбетон сапалары, қалыңдығы, қара қиыршық тас үлгілері, құм-тас қоспаларының нығыздалу тығыздығы, қиыршық тас-құм тас қоспасының нығыздығы туралы зертханалық сынақ хаттамалары жасалған.

Сонымен, сараптама зерттеуі нәтижесінде анықталғаны:

Осы құрылыс нысандары бойынша Ф-2, Ф-3 актілерінде көрсетілген жұмыс көлемі және сомасы нақты атқарылған жұмыс көлемі мен сомасына сәйкес келеді.

Үшінші сұрақ бойынша

Сарапшының өтінішхаты бойынша зерттелуші нысандардың құрылыс жұмыстары бойынша мемлекеттік сараптамамен бекітілген жобалау-

сметалық құжаттамада қаралған жұмыс түрлерінен басқа қосымша жұмыстар атқарылған туралы мәліметтер сұратылды.

Қосымша орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары туралы сметалық құжаттар және қосымша орындалған жұмыстарды қабылдау актілері сараптама зерттеуіне ұсынылмады.

Сараптама зерттеуі барысында зерттелудегі нысандар бойынша орындалған жұмыстарды зерттеу, шолып қарау, фототүсірулер жасау нәтижесінде құрылыс жобасында қосымша орындалған немесе жобадан тыс орындалған жұмыстар анықталған жоқ.

Жоғарыдағы сараптама зерттеуі нәтижесінде анықталғаны:
Құрылыс нысандары бойынша мемлекеттік сараптамамен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада қаралған жұмыс түрлерінен басқа қосымша жұмыстар атқарылғандығы анықталған жоқ.

Төрінші сұрақ бойынша:

Зерттеуге ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында аталған құрылыс нысанында бастапқы бекітілген сметалық құжаттарға өзгерістер енгізілгені анықталды. Яғни, Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) құрылыс жұмыстарын жүргізу жұмыстары бойынша жобалау сметалық құжаттарында қарастырылған кейбір жұмыс түрлері алынып (исключить) орнына жобалау сметалық құжаттарында қарастырылмаған жұмыс түрлері қосылған (включить). Тұрғын үйлердің сметалық құнын өзгертпестен сметалық құжаттамаларға өзгерістер енгізілген. Тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары бойынша салыстырмалы ведомость жасалып онда алып-қосылатын жұмыстардың көлемдері және құрылыс материалдарының бағалары туралы деректер келтірілген. Жоғарыда аталған құжаттар мүдделі тараптармен келісіліп мөрлері басылған және қолдары қойылған.

«Мердігер» тарапынан жасалған ұсыныстар бойынша жобаның сметалық құны шегінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. 2019 жылы 07 ақпандағы техникалық кеңес хаттамасының көшірмесі бойынша тұрғын үйдің сметалық құжаттамамсынан алынған жұмыстар:

Жалпы құрылыс жұмыстары бойынша ішкі қабырғаларды сулы эмульсиямен бояу жұмыстарын- қабырғаларға түсқағаздар жапсыру жұмыстарына ауыстыру; Санитарлық тораптардағы газоблок қалау жұмыстарын- қабырғаларды гипскартон тақталарымен жасауға ауыстыру; эскиз жобасы өзгеруіне байланысты метал қоршаулар ОГ-1,2 жұмыстарын сметалық құжаттардан алу; Қасбет әрлеу материалдарын алып- орнына пенополистриролмен қаптау жұмыстарын қосу; Балкондардағы қарастырылған алюминий витраждарды – ПВХ профилдерінен жасалған витраждарға ауыстыру; Жылу тарату жүйесіндегі сорғылар: TOP- S40/15-2 дана, IPL32/100-2 дана сорғыларын өндірісі жоғары SHIMGE XP50-16F-280-2 дана, SHIMGE XP40-16F-250-2 дана, IDEA-2SB10-5CORU және IDEA-2SB5-8CORU сорғы станцияларын (1 данадан), SHIMGE THREE PHASE INDUKTION MOTOR 1,5кВт және SHIMGE THREE PHASE INDUKTION

MOTOR 2,2 кВт (1 данадан) ауыстыру; Жылу тарату жүйесіндегі диаметі 32, 40, 50 болат құбырларды подлиэтилен құбырларға ауыстыру; болат ванналар және шойыш душ паддондарын акрил ванналарына ауыстыру; Жылы еден салу жұмыстарын- радиаторлар орнату жұмыстарымен ауыстыру.

Аталған хаттамаға қосымша құжат болып салыстырмалы тізбе жасалған. Хаттам бойынша алып-қосу жұмыстарының атаулары, көлемдері және сметалық құны бойынша кесте түрінде жалпы сомасы есептеліп көрсетілген. Яғни алып-қосу сметаларының сомасы ±314 732 620 теңге болып көрсетілген және мүдделі тұлғалармен бекітілген.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) бойынша сметалық құжатамадан алынған жұмыстар: Сыртқы жарықтандыру жұмыстары бойынша бағандардың кабельдері жалғасқан жерлеріндегі кораптар -152 дана; электр кабельдерінің муфталары -314 дана; орта қысымды газ тарату құбыры жұмыстарының (смета 1-2) толық көлемде жиынтығы -351 п.м; тип 1 жол төсеніші / Астана/ смета 2-1-2 бойынша қара қиыршық тас төсеу -26593,5715 м2, геосетка төсеу -42345м2 (шынытор 25х25мм); Тип 3 жол төсеніші - тротуар /Астана/ смета 2-1-2 тротуарларға бетон тақталар салу 6440м2, жаяу жүргіншілер көпіршелеріне монолитті бетон құю -3,5м3; автобус аялдамалары- смета 2-1-2 геосеткалар салу -1050м2, отырғызу алаңдары бойынша битум ерітіндісін құю -0,2т, майда қоспалы асфальтбетон салу - 400м2, жол қиылыстарындағы көпіршелерге монлитті бетон құю – 139,3м3, құрамалы темірбетон плиталар орнату -39,256м3, метал торллар орнату -1,8т; Аулаларға кіру (18 дана) -смета 2-1-2 бойынша топырақ нығыздау -150,2м3, қалыңдығы 20см құм-тас қоспасын салу -751м2, қпалыңдығы 4см асфальтбетон салу -751м2, металл құбырларды аулаға кіру жолынав салу - 0,132км, монолитті бетон құю жұмыстары -2м3; ПК+92 белгідегі диаметрі 5х1,5 темірбетон құбыр салу -смета 2-1-3 бойынша дөңгелек темірбетон құбыр бөлшектері (өлшемдері 1820х1820х2000мм) -58дана; Металл қоршаулар ОГ-1/498+99=597п.м/ смета 2-1-4 бойынша бағандарға шұқырлар қазу -192,528м3, іргетас асты негіз құю 7,64м3, монолит бетон құю жұмыстары-22,92м3, битум ерітіндісімен су оқшаулау -213,92м2, қоршау металдарын орнату 19,095т; Автобус аялдамалары 2 дана- смета 2-1-5 бойынша жер қазу жұмыстары -9,58м3, іргетастар құю -1,08м3, аялдлама метал қаңқасын дәнекерлеу -0,35т, аялдама төбесінің металл конструкциясы - 0,46т, поликарбонат тақтасымен қаптау -29м2, қоқыс жәшігі – 1 дана, жарнама қалқаны – 2 дана, орындық – 1 дана; Көгалдандыру жұмыстары смета 2-1-6 бойынша ағаштар отырғызу (терек 30 +карағаш63) -93 дана; Тип 3 жол төсеніші – тротуарлар /Кайтпас/ -смета 2-2-2 бойынша бетон тақталар салу -704м2.

Сметалық есеп бойынша алынған жұмыстар сомасы -130791 490 теңге.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) бойынша сметалық құжатамаға қосылған жұмыстар: Жол астынан өтетін коммуникацияларға диаметрі 530х7мм металл құбырлар /футляр/ салу -8м, диаметрі 325х6мм металл құбыр салу -20+23,092=43,092м, диаметрі 219х5мм металл құбыр салу

-20,м; Аулаларға кіру жолдарына диам 219х5мм металл құбырлар салу -10м: Су құбырларын орнынан ауыстыру -490м; газ құбырлары жүру жолдарына диаметрі 426х9мм металл құбырларды /футляр/ салу -90м; Шлакоблоктардан қоршаулар орнату /Агроколлледж/ бойынша – ескі қоршауды бұзу -28,9м3, іргетастарды бұзу және жаңа орнына құю -18м3, іргетас астына құм тас салып нығыздау -13,8м3, шлакоблок қоршауларды қалау -28,8м3.

Мектепке жүргізілген су құбыры орнынан ауыстырып қайта салу -190м, жер асты кабельдерді орнынан ауыстырып салу -143м. Мектептің автотұрағы орнын тегістеу, нығыздау, құм-тас негіздерін салу -80м2, битум ерітіндісін құю -0,056т, қалыңдығы 10см ірі қоспалы және қалыңдығы 5 см майда қоспалы асфальтбетон төсеу- 80м2, жиектастар орнату -8м.

Астана даңғылы бойынша тип1 жолына қалыңдығы 15см құм-тас қоспасын салу -2464м2, жол негізіне құм-тас қоспасының қалыңдығы 10-15 см екінші қабатын салу -2376м2, битуммерітінділерін бүрку -1,6т, қалыңдығы 6см қара қиыршық тас салу -2160м2, қалыңдығы 10см қара қиыршық тас салу -26593,57м2. Астана даңғылы тротуары мен велосипед жолағына қосымша +312,5м2 көлем жұмыстары, Кайтпас шағын ауданына қосымша 704м2 велосипед жолағы, Мектептің металл коршау орнын ауыстыру -0,2т. Диаметрі 50мм су құбыры орнын ауыстыру -80м, диаметрі 20мм су құбырын абоненттерге жүргізу -400м; Автобус аялдамасының отырғызу алаңына бетон тақталар салу -400м2; КТПН-25 трансформаторын орнату – 2 дана; ПК2+92 белгіде өлшемдері 1820ммх1820ммх1000мм құрамалы темірбетон құбырлар салу -58дана; ПК23+57 ден ПК27+00 аралығында жер үсті газ құбырларын жүргізу -353м; ПК6+80 ден ПК15+30 аралығында жергілікті жол қиылысын салу -3600м2; Жеке тұрғындар ауласына кірер жолдарға құрамалы темірбетон плитасынан көпіршелер орнату -10,8м3.

Сметалық есеп бойынша қосылған жұмыстар сомасы +130 791 490 теңге.

Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) құрылыстары бойынша сметалық құжаттамларға қосылған жұмыстар: №4көшеге жиектастар орнату -2363м, тротуар мен велосипед жолағы арсына жиектастар орнату -2544,5м; әрекеттегі газ құбырларына қорғау іс-шаралары; өлшемдері 2000х1200х1500мм темірбетон плиталар салу -25,2м2; кабельдер орындарынан ауыстырып салу -58м, байланыс кабельдері орнынан ауыстырып салу -80м; №5 көшеде жиектастар орнату -3521м, тротуарлар салу -7389м^2. №4 және №5 көшелер құрылысы бойынша қосып алынған жұмыстар сомасы ±126 576 260 теңге.

Сонымен, Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып-алу (добавить-исключить) жұмыстары болған және сомасы ±314 732 620 теңге.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±130 791 490 теңге.

Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±126 576 260 теңге.

Синтез бөлімі

Жоғарыда жүргізілген сараптама зерттеуінің нәтижесінде анықталғаны:

1. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 872 424 204,00 *(бір миллиард сегіз жүз жетпіс екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың екі жүз төрт теңге нөл тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 864 258 719,52 52 *(сегіз жүз алпыс төрт миллион екі жүз елу сегіз мың жеті жүз он тоғыз тенге елу екі тиын)* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 223 228 211,52 *(бір миллиард екі жүз жиырма үш миллион екі жүз жиырма сегіз мың екі жүз он бір теңге елу екі тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

2. Осы құрылыс нысандары бойынша Ф-2, Ф-3 актілерінде көрсетілген жұмыс көлемі және сомасы нақты атқарылған жұмыс көлемі мен сомасына сәйкес келеді.

3. Құрылыс нысандары бойынша мемлекеттік сараптамамен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада қаралған жұмыс түрлерінен басқа қосымша жұмыстар атқарылғандығы анықталған жоқ.

4. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып-алу (добавить-исключить) жұмыстары болған және сомасы ±314 732 620 теңге.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±130 791 490 теңге.

Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±126 576 260 теңге.

Тұжырымдар

1. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 872 424 204,00 *(бір миллиард сегіз жүз жетпіс екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың екі жүз төрт теңге нөл тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 864 258 719,52 52 *(сегіз жүз алпыс төрт миллион екі жүз елу сегіз мың жеті жүз он тоғыз теңге елу екі тиын)* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша іс жүзінде нақты орындалған жұмыстың көлемі мен сомасы 1 223 228 211,52 *(бір миллиард екі жүз жиырма үш миллион екі жүз жиырма сегіз мың екі жүз он бір теңге елу екі тиын) теңге* теңге және атқарылған жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаларына сай келеді.

2. Осы құрылыс нысандары бойынша Ф-2, Ф-3 актілерінде көрсетілген жұмыс көлемі және сомасы нақты атқарылған жұмыс көлемі мен сомасына сәйкес келеді.

3. Құрылыс нысандары бойынша мемлекеттік сараптамамен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада қаралған жұмыс түрлерінен басқа қосымша жұмыстар атқарылғандығы анықталған жоқ.

4. Шымкент қаласы Тұран шағын ауданындағы 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы (1 тұрғын үй) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып-алу (добавить-исключить) жұмыстары болған және сомасы ±314 732 620 (үш жүз он төрт миллион жеті жүз отыз екі мың алты жүз жиырма) теңге.

Шымкент қаласы Астана даңғылы жалғасының құрылысы (ӘІО-нан Тассай шағын ауданындағы Тәуке хан көшесіне дейін) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±130 791 490 (жүз отыз миллион жеті жүз тоқсан бір мың төрт жүз тоқсан) теңге.

Тұран шағын ауданындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы (№4 көше, №5 көше) нысаны бойынша бастапқыда бекітілген сметаға қосып алу (добавить-исключить) жұмыстар болған және сомасы ±126 576 260 (жүз жиырма алты миллион бес жүз жетпіс алты мың екі жүз алпыс) теңге.

(Зерттеу бөлімін қараңыз).

Сарапшылар Е.Құдайбергенов

Х.Рахматуллаев